



Өзгерістер өлшемі қандай?

3



Дефектолог не дейді?

4



Облыс тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес, облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың 2020 жылғы 19 ақпан күні сағат 11.00-де Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында халыққа есеп беру кездесуі өтеді. Сонымен қатар, 2020 жылғы 14 және 18 ақпан күндері сағат 10.00-18.00 аралығында жеке және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке сұрақтары бойынша қоғамдық қабылдау өткізіледі. Азаматтарды қабылдау облыс әкімдігі ғимаратының 1-кабатында өткізіледі. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1. Байланыс телефондары: +7 7242-40-11-91 (ішкі 7030, 7049).

■ ПРЕЗИДЕНТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласындағы ЕХРО орталығында өткен «Birgemiz» атты республикалық Волонтерлер фронт-офисінің ашылу рәсімінде осылай деді.



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13 ақпан, БЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№22 (19898)

«ВОЛОНТЕРЛІК ӨМІР САЛТЫНА АЙНАЛУЫ КЕРЕК»

Мемлекет басшысы волонтерлік жобаларды үйлестіретін әрі қоғамдық мониторинг жасайтын, волонтерлікті бүкіл еліміз бойынша оқытып, насихаттайтын фронт-офисінің, «Qazvolunteer.kz» онлайн-платформасының жұмысымен танысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде Волонтер жылында көптеген ауқымды жобалар қолға алынатынын атап өтті.

— Адамдарға жақсылық жасау — ерте заманнан бүгінге дейін жалғасып келе жатқан жақсы дәстүр. Мұны міндетті түрде сақтап қалуымыз керек. Себебі, сүрінгенді сүйеу, жығылғанды демеу, біреуге қол ұшын созып, қолдау көрсету — қанымызға сіңген қасиет. Халқымызда осындай береке-бірлікке шақыратын Асар дәстүрі бар. Бұл — ғасырлар бойы құндылығын жоймаған ата салтымыз. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді халқымыз. Волонтерлік қызметтің басты мақсаты да — бірге жұмылып, халыққа қызмет ету, — деді Мемлекет басшысы.

Президент қиын-қыстау уақытта Қазақстанға жер аударылып келген көптеген ұлт өкілдерін қазақ халқы бауырына басып, бір үзім наныммен бөліскенін атап өтті. Волонтерлікті нақты істермен көрсету — патриотизмнің жоғары деңгейі.

— Отанға деген махаббат үлкен ұрандар мен бос декларациялар емес, бұл — күнделікті еңбек, соның ішінде халықтың игілігі үшін шынайы атқарылатын қайырымды істер. Бұл — күнделікті еңбек, бұл — адамның болмысы, бұл — терең білім, жоғары мінез-құлық мәдениеті. Өзгені дүние-мүлкіне қол сұғатын, тонаушылықпен айналысатын, жалған патриоттық ұрандарды тарататын адамдар патриот емес екенін түсінуіміз керек. Мұндай адамдар заң бұзған болып саналады, яғни, олар — қылмыскерлер, қылмыстық элементтер. Сондықтан олар қоғам мен мемлекет алдында заңға сәйкес жауап беруі тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



Мемлекет басшысы патриотизм, қоғамға қызмет ету және игілікті іс — адамның тұлғалық және рухани дамуының жоғары деңгейге жеткенін айқындайтын жарқын көрініс екенін атап айтты.

— Волонтерлік қызмет реформаларды жүзеге асыруда, жалпы мемлекетімізді жаңғыртуда маңызды рөл атқарады, яғни, волонтерлер өздерінің іс-әрекетімен аса маңызды реформаларды жүзеге асыруға нақты үлес қосады. Еңбекқорлық,

әлемге ашықтық арқылы біз озық технологияға және жоғары еңбек өнімділігіне негізделген жана экономика құра аламыз. Волонтерлік идеясын белсенді ілгерілету отан достарымыздың ой-санасының жана парадигмасын жаңғыртуға ықпал ететін болады, — деп атап өтті Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлер алдында сөйлеген сөзінде белсенді ұйымдарды атап өтті. Атап айтқанда, ол қиын тұрмыстық жағдайға тап

болған адамдарға көмек қолын созуға дайын мыңдаған белсенділері бар ұлттық еріктілер желісінің, «Lider.kz», «Best for kids», елордалық «28 петель» клубы мен «Қамқоршылар клубының» жұмысына жоғары баға берді.

— Қазақстанда волонтерліктің бірте-бірте жалпыұлттық сипатқа ие болып келе жатқанын көріп отырмыз. Бұл үдеріс Волонтер жылында атқарылатын іс-шаралардың арқасында азаматтарымызды одан әрі біріктіре түсетініне сенімдімін. Игі

істер біздің мәдени бірегейлігіміздің ажырамас бөлігіне айналды. Елімізде 200-ден астам волонтерлік ұйым бар. Онда 50 мыңнан астам еріктілер жұмыс істейді, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан азаматтарын жаһандық және аймақтық мәселелерді шешетін халықаралық волонтерлік бастамаларға белсенді түрде тартуды ұсынды.

— Қазақстан 116 елдің 20 миллионнан астам еріктісін біріктіретін

Дүниежүзілік экологиялық «World Clean up day» науқанына қосылуға дайын. Отандастарымыздың БҰҰ, ЮНИСЕФ, AIESEC ұйымдарының еріктілік бағдарламаларына және басқа да халықаралық бастамаларға атсалысуы әртүрлі мемлекеттердің тәжірибесімен танысуға және елімізге үздік волонтерлік тәжірибені тартуға мүмкіндік береді, — деді Президент.

Президенттің пікірінше, мемлекет волонтерліктің инфрақұрылымын қалыптастыруға қолдау көрсетуі тиіс. Оның ішінде, аймақтық фронт-офистер барлық еріктілерге өз идеяларын немесе нақты волонтерлік жобаларын іске асыруға көмектесуі қажет.

— Волонтер жылы — кезекті науқан емес. Осыны халыққа түсіндіруіміз керек. Еріктілік — ел үшін, қоғам үшін адал қызмет. Волонтерлік халқымыздың өмір салтына айналуы керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат-жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Еліміздегі әр ауыл-аймақ осы маңызды жұмыстан тыс қалмайды деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Іс-шара соңында Қазақстан Президентіне «Birgemiz: Asyl mura», «Birgemiz: Bilim», «Birgemiz: Saulyq», «Birgemiz: Sabaqtastyq», «Birgemiz: Taza Alem», «Birgemiz: Umit» секілді жобалар таныстырылды.

Еліміздің ең үздік еріктілерінің басын қосқан бұл шараларда Қызылорда қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Сабыржан Кеншілік Мемлекет басшысына «Жеңіс» республикалық қайырымдылық жобасы мен Қызылорда қаласында осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстарды таныстырды. Әлеуметтік осал топтар, ҰОС ардагерлері мен тыл ардагерлеріне бағытталған бұл жоба Қызылорда қаласы аумағында 4 жыл көлемінде тұрақты жұмысын жүргізіп, 100-ге жуық ардагерге тікелей көмекті көрсетуде.

■ МӘСЕЛЕ

Кәсіпкерлік: қолдау бар, құнттайтын шаруа да аз емес

Сейсен күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов бизнес өкілдерімен кездесті. Жыныға жас кәсіпкерлермен қатар салаға қатысты мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер мен бірлестіктер, қаржы ұйымдарының басшылары қатысты.

Айнұр БАТТАЛОВА.

ғана шектелмей, күрші лапшасын, күрші майын, күрші сабанынан қап шығаратын ілеспе кәсіпорындар ашылуы тиіс. Елімізден экспортталатын күрші өнімдері қайта өңделіп, бірнеше есе



Өңірде 2018 жылдан бастап ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамту, жұмыссыздықты азайту, салық базасын құру, жергілікті бюджетті нығайту мақсатында жаппай кәсіпкерлікті дамытудың ұшықалдығы жарияланғаны белгілі. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылы шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы өнімдік өнімдегі үлесін 35 процентке жеткізу міндеті қойылды.

Кездесуде облыс әкімі аймақтың ірі кәсіпорындарында шығарылатын өнім көлемін ұлғайтып, сол арқылы ілеспе

өндіріс орындарын құру қажеттігін айтты. — Біздің басты мақсатымыз — облыста шағын және орта бизнесті дамыту. Елбасы да, Мемлекет басшысы да шағын және орта бизнесті дамытуға аса мән беріп отыр. Осы орайда мемлекет тарапынан көңіл бөлініп, көптеген жеңілдіктер жасалуда. Елімізде 12 мемлекеттік бағдарлама бар, сол бағдарламалардың барлығында кәсіпкерлікті дамытуға арналған арнайы бағыттар бар. Бірақ оларды тиімді пайдаланып отырған жоқпыз. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында күршіті егіп, сатумен

2-бет.

Кеше облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов Қызылорда қаласындағы бірқатар мәдени нысанның тыныс-тіршілігімен танысып, сала өкілдерімен кездесті.

Назерке САНИЯЗОВА.

Мәдениет пен руханият — ұлт мәйегі

Аймақтар арасында электронды архив құру ісін бірінші болып 2010 жылы біздің өңір бастап берді. Құжаттарды сандық жүйеге көшіру, арнайы бағдарламамен жұмыс істеу үшін 33 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, ақпараттық технология бөлімі ашылды. Облыстық мемлекеттік архивтегі құнды дүниелердің бүгінде 17 проценті цифрлық форматқа ауысты. Оның қатары жыл сайын 2 млн-нан астам сарғайған парақпен толығып отыр. Баға жетпес жәдігерлердің қағаз түрінде басылғанын ескерсек, олардың сақталу мерзімі шектеулі. Мәселен, XX ғасырда өндірілген қағаздар 150-200 жылдан кейін тоза бастайды. Сондықтан архивті электронды форматқа ауыс-

тыру негізінде жүйелі жұмыс жалғасалды.

Аймақ басшысы жайлы, әсем әрі еңселі қонысқа жайғасқан архившілердің жағдайына қанығып, жана үлгідегі ғимараттың мүмкіндігін бағамдады. Мұнда мобильді стеллаждар, желдеткіш жүйелер, автоматты өрт сөндіру құралдары орнатылған. Қоймаларда температура мен ауа ылғалдылығын өлшеу құралдары бар. Құжаттар реставрациялық кабинеттерде нормативке сәйкес сақталып өңделіп, тігіліп-түптеледі. Архившілер тарих танбаланған парақтарды шаң-тозадан бұрынғыдай қолмен емес, арнайы құрылғының көмегімен тазартады.

2-бет.



■ НАЗАР

Қала да ауылмен ажарлы

Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдап, бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысу мақсатында Қызылорда қаласына қарасты елді мекендерді аралады. Ауылдарды аралау барысында облыстық мәслихат хатшысы Қ.Бисенов, қала әкімі Н.Нәлібаев және салалық басқарма басшылары да болды. Алдымен Ақжарма ауылдық округіндегі Баймұрат батыр ауылында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған 150 орындық мәдениет үйінде болып, жұртшылықпен жүздесті.

Ержан ҚОЖАСОВ.

2-бет.

Ән әлемінің ханзадасы

Үнді мұхитындағы Францияға қарасты Режюньон аралының тұрғыны Кларисс есімді бойжеткен әлеуметтік желіге: «Бүгін мен сіз туралы, сіздің керемет таланттарыңыз туралы ойларымды түсіріп отырмын. Мен әңде судылықтың махаббатын, эмоцияның қатар болатынын өмірімде бірінші рет сезіндім. Бұл — адам сенгісіз жайт. Ол қалайша мүмкін. Мұның бәрі менің түсінігімнен тыс дүние. Мен сізге өзіңнің қайталанбас өнеріңді бөліскеніңіз үшін «Birgemiz» дегімүкәсілі» деген пікірін жазыпты. Кларисс сонымен бірге Димаштың ана тілінен бөлек басқа тілдерде сөйлеп, ән шырқайтын қабілетін атап өткен. Енді өзі қазақ тіліндегі әндерге дән қойып, «Дайындалы» үйреніп өз ағамның мәлімдеді.



Мәдениет пен руханият – ұлт мәйегі

– Біздегі ең көне жәдігер – 1890 жылғы мешіт пен шіркеудің тіркеу кітаптары. Ол араб, орыс, латын тілдерінде жазылған. Қызылорда қаласының 1949 жылы жасалған бас жоспары да сақтаулы тұр, – деді мекеме басшысының міндетін атқарушы Жанат Алтынбаева.

Жылына 20 мыңға жуық адам архив қызметіне жүгінеді. Оның арасында ТМД елдерінен де бар. Былтыр барлық сұраныстың 90 проценті электронды үкімет порталы арқылы орындалды. Ендігі кезекте Ресей мен Татарстаннан, Ташкент, Орынбор қалаларынан Сыр өңіріне қатысты құжаттарды әкелу міндеті тұр.

Облыс әкімі Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйінде «Сыр медиа» ЖШС-ның, облыстық ішкі саясат басқармасына қарасты дін мәселелерін зерттеу және ақпараттық талдау орталықтарының жұмысымен танысты.

Дін мәселелерін зерттеу орталығы 2014 жылы құрылған, ондағы 36 қызметкердің 15-і – теолог. Мамандар деструктивті діни ағымдардан жапа шеккендерді қоғамға қайта бейімдеуге, осындай келенсіздіктердің жолын кесуге үлес қосып келеді. Ал аймақтың әлеуметтік, экономикалық салаларындағы фактілер мен құбылыстарды зерттеуге ақпараттық талдау орталығының ролі ерекше. Бұл өзекті мәселелер, түрлі түсініспеушілік пен наразылықтың алдын алады.

Бірақтар басшылардың бір шаңырақ астына біріктірген «Сыр медиа» ЖШС-ның ақпарат кеңістігіндегі маңызы туралы аймақ басшысына серіктестіктің бас директоры Аманжол Оңғарбаев айтты.

– Онжылдық тарихы бар медиабірлестік құрамында әуелгі жылдары «Сыр бойы» және «Қызылордские вести» газеттері бол-

1-бет.



ды. 2013 жылдың басында жаңа ғимаратқа көштік. Сол жылдан бастап қатарымызға қалалық, аудандық ресми басшылар қосылды. Содан бері редакциялардың қаржылық, материалдық-техникалық әлеуеті күшейді. Бүгінде «Сыр медиа» – газеттерді жаздыру, басу, тарату қызметін қатар жүргізіп отырған республикадағы бірден-бір іргелі ұжым. Бұл – мемлекеттік-ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыру бағытында қолға алынған бастаманың жемісі, – деді Аманжол Сақипұлы.

Облыс әкімі жаңа үлгідегі техно-

логиямен жабдықталған баспахана ны аралады. Қазір мұнда жергілікті басшылар ғана емес, алыс-жақын аймақтардың 30-дан астам газеті басылып, жер-жерге тарайды.

– Бұқаралық ақпарат құралдары – қоғамның барометрі. «Ешкім газет жаздыру, басу, тарату қызметін қатар жүргізіп отырған мекендерді аралағанымда ауыл адамдары үшін негізгі ақпарат көзі осылар екенін білдім. Әлеуметтік желі жеделдігімен ерекшеленсе де, ел мен өңір жаңалығын шынайы әрі нақты көрсетуде газет-журнал мен телеви-

дение бәрібір маңызын жойған жоқ, – деді аймақ басшысы.

Өңірдің мәдени өмірімен танысу одан әрі С.Айтбайев атындағы көркемсурет галереясында жалғасты. «Қанат жайған руханият» атты шығармашылық көрме осы күні алғашқы көрерменін қабылдады. Ол суретшілердің Әбу Насыр әл-Фарабидің – 1150, Абай Құнанбайұлының – 175, Алтын Орданың 750 жылдығына арналған туындыларын қамтиды.

– Одан бөлек, келушілер хакім Абайдың бұған дейінгі жинақтарына

енбеген «Жаңа закон» өлеңімен, «Қозы Көрпеш-Баян қыз» поэмасымен, Омбы облыстық мемлекеттік архивінен 1959 жылы табылған ақын қолжазбасының фотокошірмесімен таныса алады. Сырдария аудандық музей қорында сақтаулы тұрған Абай тұтыңған шаф та қызықтырмай қоймайды, – деді галерея меңгерушісі Перизат Ашанова.

Аймақ басшысы мұнда қылқалам шеберлерімен жүздесіп, көрмеден алған әсерімен бөлісті.

– Осындай орындарға жиі келіп тұрған дұрыс. Әсіресе, балалар экскурсиясын ұйымдастыру олардың таным көкжиегін кеңейтуге көмектеседі. Картинаны көріп қана

қоймай, жүректен сезіну керек, – деді облыс әкімі.

Шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби мен қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абайдың өскелең ұрпаққа ой салар шығармалары Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми әмбебап кітапхана көрмесінде де көрініс тауыпты. Аймақ басшысы ғұламаларды жастарға танытудағы кітапхананың ролін атап өтті. Айта кетейік, қазіргі күні кітапхана заман талабына сай компьютерлік қажеттілікпен жабдықталған. Ақпараттық мәдени орын кез келген жастағы оқырманның сұранысын қамтып отыр.

Кітапхана базасында, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесі алаңында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов жергілікті зиялы қауым өкілдерімен кездесті. Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қаршыға Есімсейітова сырбойылық 20 қаламгер одақ құрамында екенін жеткізді. Сонымен қатар, филиалдың ұйытқы болуымен атқарылған игі істерге тоқталды.

– Талантты жастардың қабілетін шыңдау, талабын ұштау мақсатында «Сыр толқыны» фестивалін ұйымдастырдық. Үздіктерді қаржылай марапаттау олар үшін үлкен демеу дер едім. Шара аясында жазуға құштар оқушылардың тырнақалды туындыларын шағын жинаққа топтастырдық, – деді ол.

Кездесуде ақын-жазушылар кітап шығару, мерейтойларды мазмұнды түрде атап өту, қаламгерлердің басын қосатын ауқымды шараларға қатысу мүмкіндігін қарастыру сынды түрлі ұсыныс айтты. Аймақ басшысы руханият пен мәдениеттің дамуына барынша қолдау болатынын жеткізді.

Суреттерді түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ, Нұрболат НҮРЖАУБАЙ.

МЕРЕЙ

Әшім Оразбекұлы құрметті еңбек демалысына шықты



Кеше облыс әкімі Қ.Ысқақовтың қатысуымен Шиелі аудан әкімі Әшім Оразбекұлының зейнеткерлік жасқа толуына орай құрметті еңбек демалысына шығарып салу шарасы өтті.

Онда аймақ басшысы Әшім Оразбекұлының басшылығымен ауданды экономикалық өсу қамтамасыз етіліп, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған жұмыстар үзілссіз жүргізілгенін айтты.

«Ауыл шаруашылығында төрт түлік мал саны 14% артты. Негізгі дақыл – күріштен тектарына 61,2 центнерден өнім алынды. Облыста ең алғаш болып Шиелі ауданында егін шаруашылығын цифрландыру жұмыстары басталды. Өнеркәсіп саласы қарқынды дамуда. «Есжуба Шиелі» цемент зауыты, шағын әк зауыты, темір-бетон зауыттары пайдалануға берілді. Индустриалдық аймаққа инфрақұрылым толықтай жүргізілді. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 2017 жылмен салыстырғанда 105,6 процент болды. Оның ішінде, жұмыс істеп тұрғандары – 92 процент. Негізгі капиталға салынған инвестиция соңғы 3 жылда 126 млрд теңгені құрап, 2017 жылға қарағанда 3 есеге артты, – деді облыс әкімі.

2018 жылдың қорытындысымен Шиелі «Үздік аудан» атанып, І дәрежелі дипломды иеленсе, 2019 жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы саласы бойынша «Үздік аудан» номинациясымен марапатталды.

Аймақ басшысы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан ерекше үлесі үшін Әшім Оразбекұлына Қызылорда облысының құрмет грамотасын табыстады. Аудан активіне қатысқан облыстың құрметті азаматы Қорғанбек Қайруллаев және бірқатар ардагерлер Әшім Оразбекұлының жұмысын жоғары бағалап, жылы лебіздерін білдірді.

Ә.Оразбекұлы да әріптестері мен аудан тұрғындарына бірлесіп атқарған жұмыстары мен көрсеткен қолдаулары үшін алғыс білдірді.

Аймақ басшысы жаңа әкім тағайындалғанша аудан әкімінің міндетін Жағынбаров Тұрмағанбет Әлиасқарұлы атқаратындығын жеткізді.

Қала да ауылмен ажарлы

Екі жарым мыңға жуық халық тұратын ауылдық округтің елді мекендерінде ауысу, көріз жүйелерінің мәселесі толық шешілген. Алдағы уақытта «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Талдыаралдағы 9 көшеге тас төсеу және электр жабдығын жүргізу жоспарлануда. Бұдан бөлек өткен жылы мектеп күрделі жөндеуден өтіп, «Самара-Шымкент-Талдыарал» кіреберіс жолы, М.Шокай, А.Молдағұлова, А.Иманов көшелері қайта жаңғыртылған.

Мұнан кейін аймақ басшысы халық көп қоныстанған Ақсуат ауылдық округінде болды. «Өңірлерді дамыту бағдарламасы» шеңберінде елді мекенде бірнеше көшеге жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жарық бағаналары жаңартылған. Сонымен қатар балабақшаға баратын бала санының артуына байланысты бөбекжай мәселесі де толық қарастырылған. Кездесуде тұрғындар табиғи газ тарту мәселесін көтерді. Аймақ басшысы табиғи газға қосылу үшін биылғы жылы да республикалық бюджеттен қаржы қаралғандығын



айтты. Алдағы уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары басталмақ.

– Бұл – 264 елді мекеннің ішіндегі іргелі ауылдың бірі. Жергілікті биліктің атқарып отырған

жұмысында жақсы көрсеткіштер бар. Мұндағы үлкендер елдегі көркейту жағы, тазалық сақтау мәселесіне қатал қарағанымен қоймай, жас ұрпақтың тәрбиесіне де атсалысып келеді. Ауылға қаралғандығы жаңалықтар, үлкен көмектер жылдан-жылға артқанына қуаныштымыз, – дейді ауыл ақсақалы Батырхан Остаев.

Облыс басшысының тұрғындармен кездесуі Тасбөгет кентінде жалғасты. Мұндағы көпшілік кенттің жаңадан қалыптасқан аумағына жалпы ұзындығы 17 шақырым электр желісін жүргізу, жаңа емхана мен көшелердегі жолға тас төсеу және №5 олимпиадалық резерв спорт мектебіндегі спортшыларға жағдай жасау қажеттігін айтты.

Соңғы екі жылда Тасбөгеттің өзіне 1 жарым миллиардқа жуық қаржы жол жөндеуге тартылды. Бүгінде 90 процент ішкі жолдары жөндеуден өтіп, шеткі

көшелерді жөндеу биыл жалғасын табады. Жалғыз Тасбөгет қана емес, қаладағы жол мәселесіне баса назар аударылады. Әсіресе, бөлінген бюджеттің басым бөлігін шеткі аудан көшелері мен қалаға қарасты ауылдарға бағыттайтын боламыз, – деді қала әкімі Н.Нәлібаев.

Өрі қарай облыс әкімі Белкөл кентінің тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-тілектерін тыңдады. Белкөлдiктер жалпы ұзындығы 7,8 шақырымды құрайтын 10 көшеге орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізу, орталық көшеге жаяу жүргіншілер жолын орналастыру мен К.Әбдіқадыров көшесі тұрғындарына теміржол өткелінен жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу мәселесін айтты. Сондай-ақ, «Зеленая» көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату мен «Балапан» балабақшасын күрделі жөндеуден өткізу қажеттігін жеткізді. Өз кезегінде аспалы көпір мәселесіне

қатысты қала әкімі Н.Нәлібаев тиісті министрлікке ұсыныс жолданғанын атап өтті.

Ал, Қарауылтөбе ауылдық округінде ауысу, жол, көркейту-қоғалдандыру бағыты бойынша жұмыстар жолға қойылған. Ауылдық округ тұрғындары өтініштерін тыңдауға келген аймақ басшысына алғыстарын айтып, жаңа клуб үйі салынса деген тілектерін жеткізді.

Сонымен қатар, аймақ басшысы Қосшыңырау, Қызылжарма ауылдық округтері мен Талсуат елді мекенінде де болып, сапар соңында 3 елді мекенге біріккен, 3500-ден аса тұрғыны бар Қызылөзек ауылдық округіне барды. Аталған ауылдағы Айнакөл, Қараөзек, Жаңаарық елді мекендеріндегі жол мәселесі шешілген. Алайда тұрғындар ауылдық округке қарасты елді мекендерді ілесіп газбен қамту мәселесі туралы сауалдарын қойды. Аймақ басшысы газдандыру жұмыстары күн тәртібінен түспейтінін айтты.

– Былтыр республикалық бюджеттен 2 жобаны аяқтауға және Жосалы, Жалағаш, Теренөзек аудан орталықтары мен Жақсықалышты газдандыру жобасын бастауға қаржы қарастырылды. Бұдан бөлек, аталған жобаларды қаржыландыру үшін облыстық бюджеттен де қаржы бөлінді. Алдағы уақытта «көгілдір отынға» барлық аудандар мен қалаға қарасты елді мекендер де қосылатын болады, – деді облыс әкімі.

Сондай-ақ, әр елді мекен халқымен кездесуінде облыс басшысы ауыл әкімдеріне мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын бақылауға алып, халық ахуалын ұдайы назарда ұстауды тапсырды. Өрі тұрғындар көтерген барлық мәселе жеті назарда болатынын шегелей жеткізді.



1-бет.

Кәсіпкерлік: қолдау бар, құнттайтын шаруа да аз емес



Жында өңірдің кәсіпкерлік саласына қатысты өзекті мәселелер бойынша ұсыныс-пікірлер ортаға салынды. Сонымен бірге жеңіл өнеркәсіп, білім беру, медицина, цифрландыру, сауда және туризм салаларындағы проблемалар баяндалды.

Мәселен, шиелілік Айзат Әбсалықова 2018 жылы 900 мың теңге көлемінде облыс әкімінің грантын ұтып алып, кондитерлік цех ашқан. Бүгінде цех қарқынды жұмыс істеуде. Кәсіпкер енді мақарон және жайма цехын ашуды мақсат етіп отырғанын, осы орайда тағы да қандай жеңілдіктер-

дің барын сұрады. Бұл орайда мамандар «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында қайтарымсыз грант алу конкурсына қатыса алатынын айтып, жаңа жолға мақсат алу үшін тиісті мамандарға жолығу қажеттігін жеткізді.

Шиелілік Мөлдір Дүйсенова да кәсібін кеңейту үшін кеңес сұрады. Ол – «Самғау» оқу орталығының бастаушы білім беретін үлкен оқу ордасына айналығанын келісіп отырғанын айтты. Сондай-ақ, «Зеленая» көшесіне түнгі жарық бағаналарын орнату мен «Балапан» балабақшасын күрделі жөндеуден өткізу қажеттігін жеткізді. Өз кезегінде аспалы көпір мәселесіне

қызылордалық Жанар Әділова туризм саласында кәсібін жүргізіп жүр. Ол аймақта туризм саласын дамыту бағытында өз жоспарымен бөлісіп, бірлесу жұмыс істеуге шақырды. Жанар өңірде әлеуметтік туризмді, оқушылар туризміне дамытуға мүмкіндіктің мол екенін де айтты. Сондай-ақ, «Байқоңыр» ғарыш алаңының өзін дұрыс пайдалана алмай жүргенімізді, шетелдіктердің оған деген қызығушылығының зор екенін өз пайымдауларына арқау етті.

Кездесуді қорытындылаған облыс әкімі өңірде кәсіпкерлікті дамытуға басымдық бергеннен кейін, өзге аймақтармен са-

лыстырғанда алдыңғы қатарда болуды, ол үшін мемлекет тарапынан қолайлы жағдайлар жасалып отырғандығын айтып, алыпсатудың күні өткенін, енді онім өндіретін кездің келгенін ескертті.


– Біздің басты міндетіміз – бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау. Осы орайда кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыстар арқанын жалғасын тауып, жылдан-жылға күшейетін болады. Біз әрдайым бірлескен жұмыстармен өзіміздің тарапымыздан бұған қатысты мәселелерді шешуге, қолдау көрсетуге, қандай да бір тың идеяларды талқылап, қолдауға дайынбыз, – деді облыс әкімі.

1-бет.

АБАЙ – 175

Абайдың суреті

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай «Сыр бойы» газеті ақын-жазушылардың, белгілі тұлғалардың хәкімге арнаулары мен лебіздерін жариялап келеді. Бүгін жыр алыбы – Жамбылдың «Абайдың суретіне» атты өлеңін ұсынбақпыз.



Мынау тұрған Абайдың суреті ме? –
Өлең-сөздің ұсаған күдіретіне,
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,
Қарсы келер Абайдың кім бегіне!
Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Сонғыларға қалдырған үлгі-нұсқа,
Аргын, Найман сөзіне таңырқаған
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!
Терең ойдың түрінде теңіз бар,
Тесіле көп қарасаң көңілің ұғар,
Сол тереңге сүйсініп жан үйілемей,
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

Жамбыл

ЖӘДПЕР

Бір портреттің тарихы

Қармақшы аудандық орталықтандырылған кітапханасында бір ерекше сурет тұр. Ол – ұлы Абайдың портреті. Ескі сурет болғанымен, бояу қанықтығымен, айрықша қолтаңбасымен көз тартады. Бұл туралы кітапхана директоры Құлшара Қаниеваға хабарласып, Абай портретінің салыну тарихын сұраған елік.

– Мен осында жұмысқа қабылданған 1988 жылдан бері Қармақшы аудандық кітапханасында қазақтың ұлы ақыны Абайдың портреті ілулі тұр. Биылғы мерейтойға арналған кітап көрмесін ұйымдастыру кезінде осы портретті «Абай» залына қоймақ болдық. Мұны кім салды екен деген ой келді. Дереву сұрастыра бастадым. Кітапхана саласының ардагері Күміс апаға телефон арқылы хабарластым.
– Апа, Абай атамның жұмысқа тұрғаннан бері бар. Ол қайдан келген және кім салған? – дедім қызығушылықпен.
– Сенің келгенің кеше ғой, ол портрет 1966 жылы мен жұмысқа тұрған кезден бар. Бірақ оның тарихын білмеймін, – деді Күміс апа.
– Ал енді оның қайдан және қашан келгенін кім біледі?

– Бір білсе, Қантай апай білуі мүмкін, – деді.
Содан Қантай апаға хабарластым. Міне, қызық, ұлы ақынның портретін Қантай апай салдыртқан екен.
Қантай апай 1965 жылы оқу бітіріп келіп, аудандық кітапхананың меңгерушісі болған. Сол кезде аудандық кітапхана Абай есімімен аталады екен.
– Кітапханада Абай портреті бұрын жоқ еді. Сол кезде бізде ұлты орыс суретші болды, қазір аты-жөнін ұмытыппын. Суретті соған арнайылап салдырттым, – делі ол.
Қармақшы аудандық кітапханасындағы Абай портреті 1965 жылы кенепке майлы бояумен салынған. Жарты ғасырдан астам тарихы бар портрет жуырда ашылған «Абай» залының төрінде тұр.

Құндыз
ӘБҮТӘЛШОВА,
ҚМУ-дың студенті.

Иә, мұндай рухқа ие болған кісі ешкімнің мәжбүрсіз жақсылық жасауды көңілі қалап, көпшілікке қол ұшын бергісі келіп тұрады. Қайырымдылық жасау үшін қалтаның қалыңдығы маңызды емес, пейілдің, жүректің кең болуы жеткілікті деп түсінемін. Жастарға үлгі болып жүрген Сағатбек Синоуппен сөйлескенде осыған көз жеткіздік.

Жомарттық – рух байлығы

Сағатбек бала кезінде зәулім гимназист салатын құрылысшы болуды армандаған. Бірақ адам баласының барлық арманы орындала бермейді емес пе? 2007 жылы «Болашақ» колледжіне «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша оқуға түседі. Колледжді жақсы тәмамдап, жоғары білім алу мақсатымен Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетіне 2010 жылы қабылданады.

Оқуын бітіретін шағында жол апатына түсті. Бірақ басындағы қиындыққа мойымаған, айнала-сына көмек қолын созуға дайын Сағатбек батылдығымен басқаларға үлгі бола білді. Өзі құрған «Жылы жүрек жастар» атты қоғамдық қор арқылы қайырымдылықпен айналысып, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсетіп келеді. Бұл қорда ерікті 40-қа жуық адам болса, соның 30-ға жуығы жастар, студенттер мен мектеп оқушылары. Қоғамдық ұйым мүмкіндігі шектеулі, түрлі ауруға шалдыққан балаларды, мұқтаж жандарды мереке сайын құттықтайды. Айталық, 2017 жылы желтоқсанда жаңажылдық отырыстан бас тартып, оның орнына жанына еріктілерді жинап, мерекелік бағдарлама, түрлі ертегі-сыйлықтар қойып, балаларға қайырымдылық табыстаған.

– Өмірге келгеннен кейін біреуге жақсылық жасау, қолдағы барымен бөлісу, мұқтажға көмек көрсету – әрбір біздің парызымыз. Мен жасап жатқан ісімді міндетім деп білемін. Жақсылықты жарысып жасау керек. Кейінгілер «үлгі алсын, көрсін» деген оймен жа-



саған ісімді жария етіп жүремін. Соның арқасында ерікті, жақсылыққа жаны құштар жастар қатарымызға қосылып жатады. Бұл – қуантарлық жағдай, – дейді ол.

Осы кезге дейін «Самғау», «Жомарт жүрек – 2019» сыйлықтары, «Ерен еріктілік» номинациясын иеленген қайсар жан мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы түрлі спорттық, өнер жарыстарының да ұйымдастырушысы.

Сағатбек аға қайырымдылық жасаумен қатар, бірнеше спорт түрімен, жұптық бимен айналысады. Бұл салада бағындырған белестері де аз емес. Оның қажыр-қайратына, еңбегіне қарап қайырымдылыққа жаны құштар адамдар көп болса, Әл Фараби бабамыз айтқандай, қайырымды қаланың ізгі адамдары атанамыз деп ойлаймын.

Шаһизала ИСА,
ҚМУ-дың студенті.

ШАБАҒЫТ

Ақ қар

Ақ қар, ақ қар...
Көңілде қалған дақ бар,
Ақтаршы бәрін, ақтар,
Қалмасын ешбір қатпар.
Жаңарып қайта көңіл,
Жайнасын ғалам – өмір,
Оранып нұрға бақтар,
Оралса екен
Сонау...
Алаңсыз, албырт шақтар!

Ақ қар, ақ қар...
Жер бетін түгел жапқан.
Маузырап мына дала,
Түп-тұнық таза ауа,
Мамықтай ұлпа, мақпал.
Көңілдің күйін төгем,
Күтерсіз, бәлім, менен
Сағиыныш толы хаттар?..


Ақ қар, ақ қар...
Арайлы таңдарымда
Ақ ұлпа арманым ба?
Аспаннан жауып жатқан.
Аралап сезім бағын,
Айналып жырға жаным,
Арманға қанат қаққан,
Ақ қар, ақ қар...
Оралса сол бір шақтар!..

Ғазиза ӘБИЛДА.



АУЫР АТЛЕТИКА

Илья Ильин – чемпион!



Өзбекстан астанасы – Ташкент қаласында өтіп жатқан ауыр атлетикадан халықаралық ынтымақтастық чемпионатында қазақстандық ауыр атлет Илья Ильин 102 келі салмақта чемпион атанды. Осылайша жерлесіміз төрт жылдық үзілістен кейін алғашқы табысына кенелді.

Илья өз салмағында сегінді ойын көрсетті. Ол қоссайыстың нәтижесінде 355 келіні (160-195) бағындырды. Екінші орын қатарлық Фарес Ельбахқа бұйырса, үздік үштікті өзбекстандық Умарбек Шохназаров түйіндеді.

Аталған жарыста қазақстандық тағы бір ауыр атлет Игорь Сон да 61 келіде алтыннан алқа тақты. Ал Ибрагим Берсанов (109 келі) күміс жүлдегер атанса, Раушан Мешітханова (87 келі) бесінші орыннан көрінді. Жарысқа қазақстандық төрт спортшы қатысқан болатын.

ЕРКІН КҮРЕС

Азия чемпионатына аттанды

Үндістан астанасы Нью-Дели қаласында 18-23 ақпан күндері өтетін күрес түрлерінен Азия чемпионатына баратын қазақстандық еркін және грек-рим күресі шеберлері белгілі болды. Олардың қатарында қызылордалық Дәулет Ниязбеков (65 келі) пен Ғалымжан Өсербаев (76 келі) бар.

Сондай-ақ, қазақстандық құрама сапында еркін күрестен Нұрислам Санаев (57 келі), Нұрболат Әбдуәлиев (61 келі), Мейіржан Әшіров (70 келі), Данияр Қайсанов (74 келі), Азамат Дәулетбеков (86 келі), Илизхан Чилаев (92 келі), Әлішер Ергали (97 келі) және Юсуп Батырмурзаев (125 келі) боз кілемге шығады.

Жарыста грек-рим күресінен ел намысын қорғайтын балуандар анықталды. Атап айтқанда,

Хорлан Жаханша (55 келі), Айдос Сұлтанғали (60 келі), Ернұр Фидахметов (63 келі), Әділхан Сағаев (67 келі), Ибрагим Магомедов (72 келі), Тамерлан Шадукаев (77 келі), Евгений Поливадов (82 келі), Азамат Кустубаев (87 келі), Әлімхан Чыздықов (87 келі) және Мансұр Шадукаев (130 келі) құрамаға шақырту алды.

Күрес түрлерінен Азия чемпионаты 1979 жылдан бері өткізіліп келеді.

«СБ» ақпарат.

КЕҢЕС

Бала тілінің кешеуілдеп шығуы – өзекті мәселе. Сондықтан тілінде мүкісі бар балалар дәрігерлер мен логопед мамандардың жіті бақылауында болады. Әсіресе, қазір балабақшада қызмет ететін логопед пен дефектологтарға артылар жауапкершіліктің жүгі ауыр.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

Дефектолог не дейді?



Бүгін біз қаладағы «Сыр бөбегі» бөбекжай-бақшасында көз жеткіздік. Алматыдағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде жауапты саланы меңгерген Сымбат Қуатбаймен тілдесіп, дефектологияның қыр-сыры мен негізгі түйткілдері жайлы пікір алмастық.

– Күрсакта жатқанда генетикалық немесе анасының денсаулығының әлсіздігі салдарынан «Даун синдромы», неврологиялық гидроцефалия, микроцефалия секілді тұрақты хромосомалық аурулар, гендік тұрғыдан да тұқым қуалайтын аурулар салдарынан баланың тілінде кемістік пайда болады. Тіпті, тілі шықпайтын кездер де кездеседі. Осындайда біздің мамандардың атқарар қызметі орасан зор, – дейді маман.

Көбіне ата-аналар баласының сөйлеу тілінің кешеуілдеуіне мән бермейді. Бізде бала ерке болғандықтан жөнді сөйлей алмайды, кейін түсініп қалып кетеді деген түсінік қалыптасқан. Одан арылу қажет және баламен бала тілінде сөйлесу керек. Ретсіз өбектемеген екен, ал, ол – құнды жаттығу, дайын массаж. Сонымен қатар кейіпкеріміз сүйек мүшудің де пайдасын айтты. Бұл кезде ауыз қуысының бұлшық жасына дейінгі балалар келеді. Дислалия, жалпы сөйлеу тілінің кешеуілдеуі, сөйлеу тілі дамымауының I, II, III дәрежесі, дизартрия, алалия, тұтықпа секілді диагноздармен. Әр балаға жеке жұмыс жоспарын дайындап, олармен міндетті түрде артикуляциялық жаттығулар жасаймыз, – дейді Сымбат.

Кейіпкеріміз осы уақытқа дейін бірнеше баланың сөйлеу қабілетін қалпына келтірген екен. «Тіл мүкісі бар баланы қанша уақытта емдеуге болады?» деген сұрағымызға ол былай жауап берді.

– Негізінде бала қаншалықты көп күйзеліске түссе, жетілу процесі кешеуілдейді. Кей отбасында баласы I жасқа толмай жатып, екінші саби дүниеге келеді. Мұндайда бала қызғанақтағанда, күйзеліске түсіп, нәтижесінде томағатұйық болып, психикалық дағдарысты бастан кешеді. Соның әсерінен тіл мүкісі пайда болуы мүмкін. Ал, оның толық түзелуіне ұзақ уақыт кетеді. Ол баланың жеке, физикалық, психикалық даму ерекшелігіне байланысты. Аз уақыт дегеннің өзі 3 айға, ал ұзақ уақыт 3 жылға созылуы мүмкін, – дейді логопед.

Жас маман пластилинмен жұмысқа ерекше мән береді екен, ол – құнды жаттығу, дайын массаж. Сонымен қатар кейіпкеріміз сүйек мүшудің де пайдасын айтты. Бұл кезде ауыз қуысының бұлшық жасына дейінгі балалар келеді. Дислалия, жалпы сөйлеу тілінің кешеуілдеуі, сөйлеу тілі дамымауының I, II, III дәрежесі, дизартрия, алалия, тұтықпа секілді диагноздармен. Әр балаға жеке жұмыс жоспарын дайындап, олармен міндетті түрде артикуляциялық жаттығулар жасаймыз, – дейді Сымбат.

Суреттерді түсірген Нұрболат НҮРҚАЖАЕВ

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi.kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.